

## **Б.К.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназияның тәрбие бағыты бойынша 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстары**

Б.К.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназия бойынша 2023-2024 оқу жылында оқушылардың құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары бойынша, сонымен қатар оқушылардың кешкі мезгілде беймезгіл уақытта заңсыз өкілінсіз жүрмеуін қадағалау мақсатында мереке күндері және сенбі, жексенбі күндері кешкі рейд жұмыстары жүргізілуде. Қазалы ауданы бойынша білім беру ұйымдарында құқық бұзушылықтың алдын алу және жол қазғалыс ережелерін сақтау жөніндегі түсіндірме жұмыстарын жүргізудің бірлескен жұмыс жоспарына сәйкес, 30 қыркүйек және 17 қазан күндері ақпан айының 17-сі күні Қазалы аудандық прокуратурасының, Ішкі істер бөлімінің қызметкерлерінің қатысуымен құқықтық профилактикалық шара өткізілді.

Ақпан айында Қызылорда облыстық полиция департаментінің «Жасөспірімдер арасындағы есірткіге тәуелділікті жою» жарасы бойынша бейнеролик көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Б.К.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназия бойынша аудан көлемінде жол көлік оқиғаларының алдын алу және жасөспірімдер арасындағы келеңсіздікке жол бермеу мақсатында жүргізіліп жатырған рейтингтік іс-шараларға байланысты Аудандық Ішкі Істер бөлімі ювеналды полиция бөлімшесінің аға инспекторы, полиция майоры М.Бегалиеваның қатысумен "Жол жүрісі белгілерін білейік, келеңсіз оқиғалардан абай болайық" атты іс-шара өткізілді.

Отбасы күніне орай "Отбасы- тәрбие бастауы" тақырыбымен 5- сыныптың ата-аналары арасында педагог-психологтың ұйымдастыруымен психологиялық тренинг жүргізілді.

"Білім беру ұйымдарының білім алушылары арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу" бағдарламасы бойынша мектеп-гимназия педагог-психологы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Қазалы ауданы бойынша білім беру ұйымдарында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндірудің бірлескен жұмыс жоспары негізінде Қазалы АПБ-нің, білім бөлімі, прокуратура өкілдері және жастар денсаулығы және жастар ресурсы орталағының қызметкерлерімен ағымдағы жылдың қаңтар айында профилактикалық түсіндірме жұмыстары өткізілді.

"Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі" атты тақырып аясында қыз балалардың қазіргі таңдағы оқу-тәрбие мәселесі бойынша көптеген мәліметтер беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қазалы АПБ-нің, білім бөлімі, прокуратура өкілдері және жастар денсаулығы орталағының қызметкерлерімен ағымдағы жылдың 29 қараша күні профилактикалық түсіндірме жұмыстары өткізілді.

"Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн" атты ақпараттық науқанының жоспарына сәйкес, бірлескен жұмыс барысы бойынша Б.К.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназия бойынша жоғарғы сынып оқушыларымен "Мектеп-қатыгездік пен зорлық-зомбылықтан азат аумақ" атты профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

8-11 сыныптың қыз балаларына арнайы косметолог маманның қатысуымен "Бет күтімінің ережелері" атты тақырыпта іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шарада оқушылар бет күтімін қалай күтуге болады және бет күтімінде қандай ережелерді сақтау керектігі туралы оқушыларға кеңінен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

"Оқуға күштар мектеп" қысқы каникул күндері акциясында "Жасөспірімнің денсаулығы мен өмірлік дағдылар сериясынан" балалар психологиясы бойынша

әдебиеттер жинағымен таныстырылым конференциясы 7-8 сынып оқушылары арасында өткізілді.

Қыздар ұйымының төрайымы, мектеп-гимназия психологы және мектеп-гимназия директорның тәрбие жұмысы орынбасарының бірлескен түрде білім алушылардың арасында "Инабатты қыз - өмір көркі" атты қыздар жиыны болып өтті.

Құқықтық түсіндіру жұмысын ұйымдастыру мақсатында есірткінің жасөспірімдердің ағзасына зияндылығы, құқықтық салдары және оларды есірткі курьері ретінде тартудың тәсілдері туралы, есірткінің заңсыз айналымына жоғары табыс іздеп тартылу фактілерінің алдын алу үшін Қызылорда облысының Полиция департаментінің ЕҚҚІҚБ-мен мемлекеттік тілде дайындалған бейнедәрісімен 8-11 сынып оқушыларына ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді.

Ақпан айының 21-25 аралығында өткізілетін "Құндылық-адам жанының арқауы" апталық аясында "Тазалық-саулық негізі, саулық байлық негізі" тақырыбында 7-8 сыныптар арасында тазалық құндылығын насихаттау мақсатында театрландырылған көрініс, "Құрмет етсең, құрмет көресің" тақырыбында ғибратты әңгімелерді насихаттау мақсатында видео челендж, «АДАЛДЫҚ ЖҮРГЕН ЖЕРДЕ-АДАМДЫҚ ЖҮРЕДІ» тақырыбында оқушыларды адамгершілікке, адалдыққа тәрбиелеу мақсатында, 9-сыныптар арасында ашық алаң ток шоу, "ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ-ҰЛТ ҚОРҒАНЫ" атты тақырыбында ұлттық ойын түрлерін насихаттау мақсатында Тоғызқұмалақ және бес асық ойыны, Қазақ халқының тарихи тұлғалары Аристотельден кейін дүниежүзі білімі мен мәдениетінің екінші ұстазы атанған данышпан ойшыл Әбу Наср әл-Фарабидің, дана, ұлы ақын, ағартушы Абайды, ақын, жазушы, аудармашы, философ Шәкәрімнің тәрбиелік аңыз-әфсаналарымен көрініс, "Жүрек қуанышы" атты тақырыпта 3-сыныптар арасында сурет көрмесі, "Жалпыадамзаттық құндылықтар- отбасы тәрбиесінің негізі" тақырыбында zoom платформасында педагог-психолог, өзін-өзі тану мұғалімі Есбергенова Шынар Айымовнаның ұйымдастыруымен вебинар, «Жалпыадамзаттық құндылықтар -тұлғаны рухани-адамгершілік тәрбиелеудің негізі» атты шеберлік сабағы, "Рухани-адамгершілік тәрбие" тақырыбында кітаптармен таныстыру көрмесі, сонымен қатар, "Сүйіспеншілік- адамның басты қасиеті, ақиқат-оның негізі, дұрыс әрекет-шынайы өмірі" атты сынып сағаттары болып өтті. «Құқықтық сағаттар», «Құқықбұзушылықтың алдын алу», «Түнгі қаладағы балалар», «Кәмілеттік жасқа толмаған оқушылардың қылмыстық жауаптылығы» секілді тақырыптарында тәрбиелік профилактикалық жұмыстар, құқықтық түсіндіру жұмысын ұйымдастыру мақсатында есірткінің жасөспірімдердің ағзасына зияндылығы, құқықтық салдары және оларды есірткі курьері ретінде тартудың тәсілдері туралы Қызылорда облысының Полиция департаментінің ЕҚҚІҚБ-мен ақпараттандыру жұмыстары, "Құндылық-адам жанының арқауы" апталық аясында "Тазалық-саулық негізі, саулық байлық негізі", "Құрмет етсең, құрмет көресің", "Рухани-адамгершілік тәрбие" бағыттары бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. Ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмыстары бойынша дәріс сабақтар, «Даналық мектебі» жобасы аясында бірнеше мәрте мәдени іс шаралар жүргізілді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «9 айға-9 іс-шара», «Төрт тоқсан – төрт өнер», «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобалары бойынша жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар мектептің «Қыздар ұйымы», «Ер балалар ұйымы» жұмыстары бойынша "Инабатты қыз - өмір көркі", "Бет күтімінің ережелері", «Әке шаңырақтың тірегі» атты мәдени іс-шаралар өз жалғасын тауып келеді.

Мектеп-гимназияда "Оқуға құштар мектеп" жобасы бойынша «coworking» оқу жүйесінің жұмыс жоспарына сәйкес әдеби жинақтармен таныстырылымдар, конференциялар, сайыстар өткізілуде. «Мектеп театры» жобасы бойынша білім

алушылардың актерлік шеберліктері де әрбір қойылымдарда ерекшеленіп, дамып келеді. Мектеп-гимназияның «Өзін өзі басқару» жүйесі жүйелі түрде жолға қойылып, «Мектеп парламенті», «Жас ұлан», «Адал ұрпақ» секциялары өз жұмыстарын жоспарларына сәйкес жүргізуде.

2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес әрбір сыныптар бойынша тәрбие жұмыстарының жоспары жасалынып, бекітілді. Биылғы оқу жылының ерекшелігі бойынша құндылықтарға негізделген тәрбие бағдарламасында: Ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарына басымдылық берілген. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының ерекшелігі бойынша: Бала тәрбиесі (6-10 жас), Жасөспірімдер тәрбиесі (11-15жас), Жастар тәрбиесі (15-18жас) аралығына бөлінген. Жылдық жұмыс жоспарын жасау барысында сынып жетекшілер аталған жас ерекшеліктері бойынша ұсынылған тақырыптарды тәрбие жоспарына кіріктіру ұсынылды. Оқу жылының алғашқы күні «Мектеп – мейірбандық мекені» тақырыбында 1-11 сыныптар аралығында тәрбие сағаттары өткізілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы және төтенше жағдайлар кезіндегі іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығының 6-тарау 77 бабының 3-тармағында көрсетілгендей біздің мектеп-гимназия үшінші топтағы білім беру объектілеріне жатады. Яғни – білім алушылардың және персоналдың нақты саны 700 адамнан асатын білім беру объектілері деп көрсетілген. Осы заңнаманың 6-тарауының 80 бабында «Үшінші топтың объектілері қосымша техникалық жабдықтау, техникалық бақылау және басқару жүйелерімен, турникеттер, лицензияланған күзет ұйымымен және бейне бақылаумен қамтамасыз етілуі тиіс деп көрсетілген. Аталған заңнамаға сәйкес қазіргі кезеңде мектебіміз бейнебақылау жүйесімен, турникетпен жасақталып отыр.

Еңбек қауіпсіздігі мәселесі бойынша қазіргі таңда кешкі уақыттарда сонымен қатар сабақтан тыс уақыттарда оқушылардың еңбегіне байланысты. Отбасындағы ата-анасының келісімі және келісімінсіз жұмыс жасап жүрген оқушылар болуы мүмкін. Мысалы: даяршы (официант), көлік жуу, көлік дөңгелектерін монтаждау жұмыстарына жалданып жұмыс жасап жүрген оқушылар. Алайда, кешкі беймезгіл уақыттарда жұмыс жасау барысында ІІБ-нің қызметкерлері бұл мәселені құптамайтындығын ескерткен жөн. Осы мәселені сынып жетекшілер назарға алсаңыздар.

Оқу жылының басында төтенше жағдайларға және терроризмге қарсы осал объектілердің терроризмге қарсы тұруы туралы жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. оқу жылында күздік мезгілде және көктемде оқу жаттығу жиындары өткізіледі. Оқу жаттығу жиыны барысында дыбыстағыш сирена қосу арқылы ғимараттағы барлық персоналдар мен білім алушылар межеленген уақыт аралығында ғимаратты тастап, белгіленге қауіпсіз аймаққа көшіріледі. Әрбір қабатта төтенше жағдай бойынша шығу схемалары бекітілген. 2023-2024 оқу жылының басында «Мектеп театры» жобасы аясында ашылған «Театр әлемі» жас өнерпаздарының жылдық жұмыс жоспары жасалынып бекітілді.

Осы оқу жылында «Мектеп театры» жобасы аясында мектебіміздің өнерлі оқушыларының «Ең тәтті күн», «Билер төрелігі», «Ай мен жұлдыз», «Баланың айласы», «Қаз дауысты Қазыбек», «Қоянның үйшігі», «Aldar kose and greedy farmer», «Түлкі мен

қоян», «Little Red Riding Hood», «Тарих пен тіл тамырлас», «Төле би бабамызға 360 жыл» толуына байланысты сахналық қойылымдар қойылды.

Заман ағымының үздіксіз дамуымен бірге адамдардың мінез-құлқы да күн сайын өзгеруде. Таңдауы да, талғамы да бөлек жастардың тәрбиесі қандай? Балаларына барлық жағдайды жасап бергісі келіп, ақша табу мақсатында тек сыртта жүретін ата-аналардың беріп жатқан тәрбиесі қандай? Қазіргі заманның жастарын, өскелең ұрпақты қалай дұрыс жолға салуға болады? Бүгінгі біздің қозғайтын мәселе – осы тақырыпта болмақ.

Қазіргі таңда жастар өз бетімен, дәлірек айтқанда ғаламтор арқылы өмір сүруге дағдыланған. Олардың басты тәрбиелеуші құралы – ұялы телефондары. Сырластары да, мұндастары да сол.

Мектеп-гимназия бойынша 2023-2024 оқу жылының басында «Жалпы білім беру ұйымдарындағы оқушылар арасындағы есірткіні пайдалану және құқық бұзушылықтар жасау салдарының алдын алу іс-шаралар» бойынша жылдық жұмыс жоспары жасалынып, бекітілген.

Мектеп-гимназия бойынша оқушылардың құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары бойынша, сонымен қатар оқушылардың кешкі мезгілде беймезгіл уақытта заңсыз өкілінсіз жүрмеуін қадағалау мақсатында мереке күндері және сенбі, жексенбі күндері кешкі рейд жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі таңда аудан бойынша топтық төбелестің өршіп тұрғандығын ескеретін болсақ, кешкі уақыттарда оқушылардың ата-ананың жанында болуын ескерткім келеді.

Мектеп-гимназия бойынша осы 2024 жылдың басынан бастап 4 ай ішінде 4 оқушы аудандық ішкі істер бөлімшесіне кешкі беймезгіл уақытта жүруіне байланысты әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

17.02.2024 күні Сатбаев және Аубакиров көшелерінің бойынша 9 сынып оқушысы кешкі сағат 23:30 шамасында заңды өкілінсіз жүрген және оқушығы ҚР ӘҚБК-нің 442 бабының 2 бөлігіне сәйкес хаттама толтырылып айыппұл салынған.

08.03.2024 күні мектеп-гимназияның 10 сыныптың 2 оқушысы бірге кешкі беймезгіл уақытта ойын-сауық мекемелерінде жүргендігі үшін ҚР ӘҚБК-нің 132 бабына сәйкес заңды өкіліне айыппұл салынды.

28.03.2024 күні кешкі беймезгіл уақытта ойын-сауық мекемелерінде жүргендігі үшін ҚР ӘҚБК-нің 132 бабына сәйкес заңды өкіліне айыппұл салынды.

Осы жағдайларды қарай отырып, ата-ананың кешкі уақытта оқушыны бақылаусыз қалдырып отырғанын байқауға болады.

Осы мәселелерге байланысты 15.03.2024 күні Қазалы аудандық полиция бөлімі Криминалдық полиция бөлімшесінің жедел уәкілдерінің қатысуымен профилактикалық шара өткізілді. Шара барысында қызметкерлер жасөспірімдерінің арасындағы мөлтек аудандар бойынша қақтығыстың болып жүргендігін және сол жасөспірімдердің арасында мектеп бойынша мөлтек ауданмен жүретін «Лидер» балалардың бар жоқтығын анықтау жұмыстарын жүргізді. Бұндай құқықбұзушылықтар орын алған уақытта Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы № 61 бұйрығын басшылыққа ала отырып, оқушы мектепшілік есепке алынды.

Қызметтің ашықтығы және өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету бағыты бойынша Б.К.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназияның facebook әлеуметтік желісінде [https://www.facebook.com/profile.php?id=100015225910666&sk=photos\\_by&locale=ru\\_RU](https://www.facebook.com/profile.php?id=100015225910666&sk=photos_by&locale=ru_RU) жеке парақшасы ашылған және күнделікті мектеп тынысы бойынша ақпараттар жарияланып отырылады.

Білім беру ұйымдарының түрлі деңгейдегі әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастық жүргізу мақсатында Қазалы аудандық «Жастар» орталығымен, Қазалы көлік техникалық колледжімен меморандум негізінде серіктестік жұмысы жүргізіледі.

**Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары:**

**Н.Қожалепесова  
Қ.Сансызбаев**